

**"Таңбалануға жататын тауарлар тізбесін және оны енгізу күнін айқындау туралы"
Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының
2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 343-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2026 жылғы 11 наурыздағы № 128-НҚ бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Таңбалануға жататын тауарлар тізбесін және оны енгізу күнін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 343-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35129 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Таңбалануға жататын тауарлар тізбесін және оны енгізу күнінде:

реттік нөмірлері 37, 38 және 39-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"

37.	2202 91 000 0	алкогольсіз сыра	2026 жылғы 1 ақпаннан бастап — 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап өндірілген кегтерге құйылған; 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап — 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап өндірілген бөтелкеге құйылған; банктерге құйылған, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап — 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірілген сыра мен сыра сусындарына қатысты міндетті таңбалау
38.	2203 00 010 0	Бөтелкедегі сыйымдылығы 10 л немесе одан аз ыдыстардағы уыт сырасы	2026 жылғы 1 ақпаннан бастап — 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап өндірілген кегтерге құйылған; 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап — 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап өндірілген бөтелкеге құйылған;

			банктерге құйылған, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап — 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірілген сыра мен сыра сусындарына қатысты міндетті таңбалау
39	2203 00 090 0	Сыйымдылығы 10 л немесе одан аз ыдыстардағы уыт сырасы	2026 жылғы 1 ақпаннан бастап — 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап өндірілген кетерге құйылған; 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап — 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап өндірілген бөтелкеге құйылған; банктерге құйылған, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап — 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірілген сыра мен сыра сусындарына қатысты міндетті таңбалау

"

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Цифрлық трансформация және тауарларды таңбалау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оны қазақ және орыс тілдерінде электрондық нысанда "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрі

А. Шаққалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК